

Шардара ауданының мәслихаты

Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 шілдеде № 46-294-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 шілдеде № 5142 болып тіркелді

Мәслихат Шардаринского района

**Шардара аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы  
№ 43-271-VI «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» шешімінің  
күші жойылды деп тану туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. Шардара аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 мамырдағы №43-271-VI «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5049 тіркелген және 2019 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. «Шардара аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік



кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің  
эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шардара аудандық  
мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік  
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы**

**И.Әділхан**

**Аудандық мәслихат хатшысы**

**Б.Муталиев**